

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ  
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
ТЕМІРТАУ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ  
«ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН  
АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ»  
КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«ГИМНАЗИЯ ИМЕНИ АЛИХАНА БОКЕЙХАНА»  
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ  
ГОРОДА ТЕМІРТАУ  
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ  
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

## БҰЙРЫҚ

01.09.2022 ж

Теміртау қаласы

## ПРИКАЗ

№ 220 Н/К

город Теміртау

### Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс шараларға байланысты комплаенс қызметтерді ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 10 қазандағы №365/VI Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заңына (Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы) сәйкес және Теміртау қаласы әкімдігінің «Теміртау қаласының №15 Қазақ мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің" сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы " Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Теміртау қаласы әкімдігінің «Әлихан Бөкейхан атындағы гимназиясы» КММ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметін ашу.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің жұмысына директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А. Исаева жауапты болып тағайындалсын.
3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.


Директор



К. Нургалиева

000716

## **БЕКІТЕМІН:**

«Ә.Бөкейхан атындағы гимназиясы»КММ –нің  
директоры  К. Нургалиева  
«07» қараша, 2022 жыл

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 06.10.2020 жылғы №365-ҮІ Заңына сәйкес «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабы 3-тарау 12-тармағындағы толықтыру, комплаенс қызметтердің функцияларын орындайтын өзгерістер негізінде

### **Лауазымдық нұсқау**

#### **Жалпы ереже**

1.1. Комплаенс-қызметіне жауапты тұлға өзінің қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасына, Қазақстан Республикасы Конституциясына, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне, Жарғыға, Ұжымдық шартқа, Мінез-құлық кодексіне мектептің басқа ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

1.2. Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыру кезінде жәрдем көрсету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асырудың бірыңғай тәсілін қалыптастыру мақсатында әзірленді.

1.3. Міндетті реттеуші талаптардың соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды сақтауды қамтамасыз ету;

1.4. Барлық қызметкерлер арасында шынайылықты, адалдықты қамтамасыз ететін және үздік стандарттарға, ішкі саясаттарға және Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жүргізу үшін жағдай туғызатын Қоғамның ішкі корпоративтік мәдениетін қалыптастыру мақсатындағы бастамалар, іс-қимылдар шеңберінде құрылған;

1.5. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

#### **2. Функциялар**

2.1. квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;

2.2. сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және жаңғырту;

2.3. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;

2.4. мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингтеу және реттеу бойынша шаралар қабылдау;

2.5. мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар санатына жататын квазимемлекеттік сектор субъектісі жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді Заңға сәйкес сақтауы тұрғысынан мониторинг жүргізу;

2.6. корпоративтік әдеп құндылықтарын дамыту;

2.7. квазимемлекеттік сектор субъектісі жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік Әдеп кодексін (болған кезде) сақтауын бақылау;

2.8.«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына сәйкес азаматтық және бизнес-қоғамдастық институттарының өкілдерін тарта отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;

2.9.сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жария ашуды қамтамасыз ету;

2.10.сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу және/немесе оларға қатысу;

### **3. Лауазымдық міндеттер**

3.1.Лицейде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері болдырмау;

3.2.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және жаңғырту;

3.3.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;

### **4. Жауапкершілік**


4.1. Комплаенс-қызметкер өзінің қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасына, Қазақстан Республикасы Конституциясына, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне, Жарғыға, Ұжымдық шартқа, Мінез-құлық кодексіне мектептің басқа ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады

4.2. Мектеп ішіндегі Ережелер мен Жарғыларын, мектеп әкімшілігінің заңдық шешімдерін, бұйрықтарын, нормативтік акттар, қызметтік міндет, осы Нұсқау, құқықтарын себепсіз орындамағаны, қолданбағаны үшін, еңбек заңының анықтамасына сәйкес дисциплинарлық жауапкершілікке тартылады.

4.3 Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

Нұсқаумен таныстым Амаралы Н.Т. АС

## **БЕКІТЕМІН:**

«Ә.Бөкейхан атындағы гимназиясы»КММ –нің  
директоры  К. Нургалиева  
«07» қараша, 2022 жыл



### **Комплаенс - қызметі туралы ережелер**

#### **1 - тарау. Жалпы ережелер**

1.Комплаенс өзінің қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасына, Қазақстан Республикасы Конституциясына, Қазақстан Республикасының 06.10.2020 жылғы №365-ҮІ Заңына сәйкес «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабы 3-тармағы, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне, Жарғыға, Ұжымдық шартқа, Мінез-құлық кодексіне мектептің басқа ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

2. Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыру кезінде жәрдем көрсету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асырудың бірыңғай тәсілін қалыптастыру мақсатында әзірленді.

3.Міндетті реттеуші талаптардың соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды сақтауды қамтамасыз етеді

4.Барлық қызметкерлер арасында шынайылықты, адалдықты қамтамасыз ететін және үздік стандарттарға, ішкі саясаттарға және Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жүргізу үшін жағдай туғызатын Қоғамның ішкі корпоративтік мәдениетін қалыптастыру мақсатындағы бастамалар, іс-қимылдар шеңберінде құрылады.

5.Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) жүргізіледі.

#### **2 -тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары**

1.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер жұмысының негізгі мақсаты тиісті ұйымның (компанияның) және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін Заңға сәйкес тиімді іске асыру.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет ақпараттық ашықтығы.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру.

#### **3 - тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің жұмысын ұйымдастыру тәртібі**

1.Лицейде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүктеу туралы шешімді ұйым басшысы немесе алқалы атқарушы органы (болған кезде) қабылдайды.

2.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жұмыскерінің функционалдық міндеттемелерін, құқықтары мен жауапкершілігін оның лауазымдық нұсқаулығында не

жұмыскерлердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын өзге де құжаттарда айқындаған жөн.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және жаңғырту.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу.

5. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар санатына жататын квазимемлекеттік сектор субъектісі жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді Заңға сәйкес сақтауы тұрғысынан мониторинг жүргізу.